# Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 26 желтоқсан N 1369

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 қаңтардағы N 137 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтағы "1-26" деген сан "2, 4, 5, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 23, 24" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 1, 3, 6, 7, 9, 15, 21, 25, 26-қосымшалар алынып тасталсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1369 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі

## 2002 жылға арналған "Әкімшілік шығындар" 001 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ

1. Құны: 2 296 316 мың теңге (екі миллиард екі жүз тоқсан алты миллион үш жүз он алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 453-1 Заңының 21-25 -баптары; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының

мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1128 қаулысы ; "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 39 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 6 қыркүйектегі N 981 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жүктелген функцияларды барынша тиімді атқаруға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің орталық аппараты мен аумақтық бөлімшелері қызметін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің аппараты мен оның аумақтық бөлімшелерін ұстау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 001 | | Әкімшілік шығындар | | | |
| | | 001 | Орталық органның аппараты | 250 бірлік мөлшерінде бекітілген штат санының лимитіне сәйкес Қазақстан Республикасы Кедендік бақы. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау |

лау агенттігінің агенттігі орталық аппаратын ұстау
002 Аумақтық органдар. дың аппарат. тары 5582 бірлік мөлшерінде бекітілген штат саны. ның лимитіне сәйкес Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің аумақтық бөлімшелерін ұстау Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі
---------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігіне жүктелген функцияларды сапалы және уақытылы орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1369 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі

## 2002 жылға арналған "Акциздік және есептік-бақылау маркаларын басу, куәліктер және патенттер" 035 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ

1. Құны: 25 000 мың теңге (жиырма бес миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы N 209-II Кодексінің 264, 371, 374, 549-баптары; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1128 қаулысы; "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 маусымдағы N 846 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысатын салық төлеушілерді толық қамтуды қамтамасыз ету, алкоголь және темекі өнімінің импорттерлерін алкоголь және темекі өніміне акциздік алым маркаларымен уақытылы қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: алкоголь және темекі өніміне акциздік алым маркаларын басу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 035 | | Акциздік және есеп-бақылау маркаларын, куәліктер мен патенттерді басу | орташа алғанда 52 005,8 мың дана санында акциздік алым маркаларын дайындау және сатып алу, оның ішінде: алкоголь өніміне - 6 060,8 мың дана; темекі өніміне - 45 945 мың дана. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: тұтынушыларды сапасыз алкоголь және темекі өнімдерінен қорғау, сондай-ақ акциздерді мемлекеттік бюджеттің кірісіне уақытылы және толық енгізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1369 қаулысына
3-қосымша

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі

**2002 жылға арналған "Қызметтік іздестіру иттерін қолдана отырып кедендік бақылауды қамтамасыз ету" 031 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 33 000 мың теңге (отыз үш миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Заңының 9-бабы, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2000-2001 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 15 мамырдағы N 395 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1128 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының кеден қызметін реформалау бағдарламасын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қарашадағы N 1746 қаулысы , " Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің " Кинологиялық орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 ақпандағы N 230 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: кедендік бақылаудың тиімділігін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Кинологиялық орталығын ұстау және дамыту, кинолог мамандарды оқыту, есірткі құралдарын жарылғыш заттарды және қаруды іздестіру үшін қызметтік-іздестіру иттерін ұдайы өсіру, малдәрігерлік қызмет көрсету және тиісті дайындық.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
-----------------------------------------------------------------
Р!Бағдар.!Кіші  !Бағдарла.! Бағдарламарды (кіші   !Іске  !  Жауапты
/!ламаның!бағ.  !малардың !    бағдарламаларды)   !асыру!орындаушылар
с!  коды   !дар.  !(кіші       !  іске  асыру  жөніндегі  !мер.  !
N!           !лама.!бағдарла.!           іс-шара            !зімі  !
!           !нық   !малардың)!                              !      !
!           !коды  !атауы     !                              !      !
```

-----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

031 Қызметтік-іздестіру иттерін қолдана отырып кедендік бақылауды қамтамасыз ету

030 Кинология. 40 адам санындағы Жыл Қазақстан
лық орталық бекітілген штат ішінде Республика.
санының лимитіне сының
сәйкес Кедендік
Кинологиялық орталық. бақылау
тық қызметкерлерін агенттігі
ұстау. 100 адам -
кинологтарды оқыту.
40 бірлік иттерді,
180 жиынтық жабдық.
тарды, малдәрігерлік
және медициналық
препараттарды,
иттерге арналған
тамақтарды, 20
жиынтық есірткі
құралдарының
ауыстырғыштарын, 10
жиынтық жарылғыш
заттардың ауыстырғыш.
тарын сатып алу.
Асыл тұқымдық
қызметін жүргізу
(төлді мемлекеттік
тіркеу) қызметтік-із.
дестіру иттерімен

жарыстар өткізу, оқу сыныптары мен арнайы үйрету алаңдарын жабдықтау.

-------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: даярланған кинолог-мамандар санының ұлғаюы, тартып алынған есірткі құралдарының жарылғыш заттар мен қару санының ұлғайуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1369 қаулысына
4-қосымша

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі

## 2002 жылға арналған "Кеден органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету " 200 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ

1. Құны: 254 294 мың теңге (екі жүз елу төрт миллион екі жүз тоқсан төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Заңы 405-бабы; Қазақстан Республикасы Президентінің "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 2001 жылғы 29 маусымдағы N 645 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1128 қаулысы; " Қазақстан Республикасының кеден қызметін жетілдірудің 2000-2002 жылдарға арналған тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 ақпандағы N 301 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдарының нысанды киімі мен айырым белгілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 тамыздағы N 1247 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Кедендік

бақылау агенттігі органдарының алдына Қазақстан Республикасының Үкіметі қойған жүктелген функционалдық міндеттерді табысты орындау үшін тиісті жағдайлар жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту және дамыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламарды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 200 | | Кеден органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету | Облыстық аумақтық бөлімше үшін 1 қызметтік ғимарат және "Астана - жаңа қала" ЕЭА аумағында жаңадан құрылған кеден органы үшін 1 ғимарат сатып алу. Сатып алу орта есеппен: автокөлік - 4 бірлік, офистік жиһаз - 600 жиынтық, кедендік бақылаудан техникалық құралдары - 403 жиынтық, құжаттамалау мен аудио-бейне ақпараттың техникалық құралдары, қосалқы техникалық құралдар - 696 дана, радиациялық бақылаудың байланыс құралдары - 50 жиын. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі |

тық; зертханалық жабдықтар - 34 жиынтық офистік ұйымдық және тұрмыс. тық техникалар - 121 дана, нысанды киім-кешек - 43 000 зат, киім-кешекке фурнитуралар - 24000 бірлік.

-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаларды орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі органдарының материалдық-техникалық құралдарға қажеттілігін қамтамасыз ету, кеден органдарының ғимараттарын ішінара жөндеуді жүзеге асыру, "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аумағында жаңадан құрылған кеден органын материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1369 қаулысына
5-қосымша

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі

**2002 жылға арналған "Кеден бекеттерінің құрылысы және қайта жаңарту" 301 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 536 000 мың теңге (бес жүз отыз алты миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Заңының 3, 11-баптары, Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1128 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының кеден қызметін жетілдірудің 2000-2002 жылдарға арналған тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 ақпандағы N 301 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының кеден шекарасының бүкіл периметрі бойынша басымды шекаралық кеден бекеттерін дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының шекарасындағы өткізу пункттерінің, оның ішінде теміржол терминалдарының құрылысы және оларды жарақтандыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 301 | | Кеден бекеттерінің құрылысы және оларды қайта жаңарту | Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу; 4 кеден теміржол терминалдарының, 6 бақылау-өткізу пункттерінің құрылысы; кеден бекеттерінің, кедендік инфрақұрылымның құрылысы, қайта жаңарту, кеңейту және күрделі жөндеу. 5 кеден бекетінің құрылысын аяқтау: Шығыс Қазақстан облысындағы "Кордон" бақылау-өткізу пункті, Қызылорда облысындағы "Қосаман" және "Жұмабай" бақылау-өткізу пункттері, | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі |

Маңғыстау облысындағы "Тұрық" және "Сыртанжал" бақылау-өткізу пункттері

---------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаларды орындаудан күтілетін нәтижелер: 4 кедендік теміржол терминалдары мен 11 кеден бекеттерін қолданысқа енгізу, кедендік бақылаудың тиімділігі мен сапасын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасының қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету, бақылау органдарының қызметкерлері үшін әлеуметтік тұрмыстық жағдайлар, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін сервис қызметін жасау, тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеуді жеделдету, шекара маңындағы аудандардың әлеуметтік-экономикалық дамуы, мемлекеттің кірісіне түсетін түсімдердің ұлғаюы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1369 қаулысына
6-қосымша

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі

## 2002 жылға арналған "Қазақстан Республикасының кеден шекарасын қорғауды қамтамасыз ету" 056 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ

1. Құны: 40 000 мың теңге (қырық миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Заңының 11-бабы; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығ ы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1128 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізумен байланысты қылмыстардың жолын кесу, тиісті кедендік бақылауды қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының кеден шекарасында контрабандаға қарсы күреске бақылауды күшейту, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, қару-жарақтың Қазақстан Республикасы мен шетел халықтарының көркем, тарихи және археологиялық игілігі заттарының, зияткерлік меншік объектілерінің, жойылып кету қаупі төніп тұрған жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің, олардың бөлшектері мен туындыларының, басқа да тауарлардың заңсыз айналымының жолын кесу; Қазақстан Республикасының Оңтүстік және Оңтүстік-Батыс шекараларында кедендік бақылауды күшейту жөнінде Мемлекет Басшысы мен Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі қойған міндеттерді іске асыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 056 | | Қазақстан Республикасының кеден шекарасын қорғауды қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының аумағына заңсыз жүктердің өтуін болдырмау мақсатында теңіз кемелерінің су асты бөліктерін бейне және фототүсірімдерді пайдалана отырып, тексеру жүргізу үшін кәсіби сүңгуірлердің қызметіне ақы төлеу. Тексерілетін теңіз кемелерінің су асты бөліктерінің саны 30 000 шаршы метр орташа тексеру алаңымен 129 бірлікті құрайды. | Жыл ішінде | Республиканың Кедендік бақылау агенттігі |

-------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаларды орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігін нығайту, кеден шекарасы арқылы контрабандалық жүктердің, есірткі құралдарының, прекурсорлардың, жарылғыш заттардың, қару-жарақтың, оқ-дәрілер мен басқа да тыйым салынған заттардың, рұқсатсыз өткізілуінің жолын кесу; республикалық бюджетке түсімдердің ұлғаюы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1369 қаулысына
7-қосымша

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі

**2002 жылға арналған "КААЖ" кедендік ақпараттық жүйені алып жүру" 500 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 333 443 мың теңге (үш жүз отыз үш миллион төрт жүз қырық үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығы; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1128 қаулысы; "Қазақстан Республикасы кеден органдарының жұмысын жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 қыркүйектегі N 1112 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының кеден қызметін жетілдірудің 2000-2002 жылдарға арналған тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 ақпандағы N 301 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының кеден органдарын автоматтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 7 қазандағы N 472-ө өкімі .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы кеден қызметінің Кедендік автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жұмыс жағдайында ұстау, кеден алымдары мен бюджетке төлемдер аударымдарын көтеру мақсатында кедендік ресімдеу процестерін автоматтандыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, жүктік кедендік декларациялардың электронды көшірмелерінің дерекқорын орталықтандырып

жасау, жасалған қорлардың негізінде Қазақстан Республикасы сыртқы саудасының статистикасын жүргізу, мүдделі министрліктер мен ведомстволарға беруге арналған Қазақстан Республикасының кеден органдары қызметінің негізгі көрсеткіштерінің мониторингі.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының кеден қызметі ақпараттық жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, ақпараттық жүйелерді алып жүру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 500 | | "КААЖ" кедендік ақпараттық жүйені | Дерекқордың 79 серверіне техникалық қызмет көрсету. Дерекқордың серверлерін жүйелі техникалық қолдауға (алып жүруге) төлем, дерекқорлардың серверлеріне кепілдікті және кепілдіктіден кейінгі жөндеуді қамтамасыз ету. Дерекқор серверлерінің жүйелі тұғырнамасын уақытылы жаңарту жөніндегі жұмыстарға төлем. Кедендік автоматтандырылған ақпарат жүйесі шеңберінде | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі |

жұмыс істейтін компьютерлік жабдық. тарды алып жүру жөніндегі жұмыстарға төлем - 200 данадан астам есептеуіш және офистік техникалар. "Универсальный" автоматтандырылған жұмыс орнын қолдан. балы бағдарламалық қамтамасыз етуді алып жүру, Қазақстан Республикасының заңнамалық базасына сәйкес қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің модульдерін өңдеу және жаңғырту. Байланыс арналарының берілуіне ақы төлеу. Республикалық дерек. тер беру желісінің телекоммуникациялық жабдықтарына техни. калық қызмет көрсету. Informix дерекқорының басқару жүйесін қолдау жөніндегі жұмыстарды жүргізу. Қазақстан Республикасы кеден органдарының 15 қызметкерін оқыту. ROLAP-орталық аппарат. тық бағдарламалық кешенін алып жүру, жүйенің тұрақты жұмыс

істеуін, талдау құралдарының уақытылы жаңартылуын қамтамасыз ету. 1500 қосу нүктесінде 79 жергілікті есептеу желілерін алып жүру жөніндегі жұмыстарды жүргізу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаларды орындаудан күтілетін нәтижелер: 79 кешендік-автоматтандырылған кеден бекеттері мен Кеден басқармаларының кідіріссіз жұмысын қамтамасыз ету, жүктік кедендік декларациялардың электрондық көшірмелері дерекқорларының серверлерін техникалық қолдауды қамтамасыз ету, есептеуіш және офистік техникаларды техникалық алып жүру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1369 қаулысына
8-қосымша

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі

**2002 жылға арналған "КААЖ" кедендік ақпараттық жүйесін дамыту" 600 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 78 078 мың теңге (жетпіс сегіз миллион жетпіс сегіз мың теңге).
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1128 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы кеден органдарының жұмысын жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 қыркүйектегі N 1112 қаулысы; "Қазақстан Республикасының кеден қызметін жетілдірудің 2000-2002 жылдарға арналған тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 ақпандағы N 301 қаулысы; "Қазақстан Республикасының кеден органдарын автоматтандыру туралы" Қазақстан

Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 7 қазандағы N 472-ө өкімі.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы кеден қызметінің Кедендік автоматтандырылған ақпарат жүйесін одан әрі енгізу, кеден алымдары мен бюджетке төлемдер аударымдарын көтеру мақсатында кедендік ресімдеу процестерін автоматтандыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, жүктік кедендік декларациялардың электронды көшірмелерінің дерекқорын орталықтандырып жасау, жасалған қорлардың негізінде Қазақстан Республикасы сыртқы саудасының статистикасын жүргізу, мүдделі министрліктер мен ведомстволарға беруге арналған Қазақстан Республикасының кеден органдары қызметінің негізгі көрсеткіштерінің мониторингі.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Кедендік автоматтандырылған ақпарат жүйесіне ақпараттық технологиялар енгізу, кедендік ақпарат жүйелерін одан әрі дамыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламарды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 600 | | "КААЖ" кедендік ақпарат жүйесін дамыту | Сақтау орнын жобалауға арналған техникалық тапсырма жасау, талдамалы қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді жазу, оның Кедендік бақылау агенттігінің орталық аппаратындағы инсталляциясы. Кеден бекеттеріне 25 жергілікті есептеу желісін және 4 жер. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі |

үсті байланыс желі.
лерін қосымша жасау.
Екі шекара маңындағы
кеден бекеттеріне
бейне бақылау жүйесі.
нің тәжірибелік
жобасын жасау,
қолданбалы бағдарла.
малық қамтамасыз етуді
тәжірибелік пайдалану.
Орта есеппен 250
бірлік санындағы
дербес компьютерлерді
жаңарту және пайда.
ланулардан шығып
қалғандарын ауыстыру.

---------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаларды орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының сыртқы экономикасын дамыту болжамдарын құру кезінде талдауды пайдалану, Қазақстан Республикасының кеден органдарын қажетті техникалық өлшемдері бар компьютерлік және офистік техникалармен жарақтандыру, Кедендік автоматтандырылған ақпарат жүйесінің ақпараттық инфрақұрылымын дамыту, Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы автокөліктік құралдарының өтуін бейнебақылау жүйесінің тәжірибелік жобасын жасау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1369 қаулысына
9-қосымша

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі

**2002 жылға арналған "Бұрын" Еркін кеден аймағы" режимінде ресімделген тауарларды қайта ресімдеу үшін кеден төлемдері мен салықтарын төлеу" 037 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 137 500 мың теңге (жүз отыз жеті миллион бес жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 20 шілдедегі Заңының 27, 72, 79-баптары; Қазақстан Республикасы Президентінің "

Астана қаласының арнайы экономикалық аймағын тарату туралы" 2000 жылғы 28 шілдедегі N 421 Жарлығы; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығы ; "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1128 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қолданылып жүрген кеден заңнамасының талаптарын орындау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Астана қаласының арнайы экономикалық аймағының таратылуына байланысты бұрын мемлекеттік мекемелер "Еркін кеден аймағы" режимінде ресімдеген тауарларды мемлекеттік бюджетке тиесілі кеден төлемдері мен салықтарын төлей отырып өзге кеден режимінде қайта ресімдеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| Р/с N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) атауы | Бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөніндегі іс-шара | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | 037 | | Бұрын "Еркін кеден аймағы" режимінде ресімделген тауарларды қайта ресімдегені үшін кеден төлемдері | Кедендік ресімдеу жөніндегі брокерлік қызметтер үшін ақы төлеу, жүктік кедендік декларациялардың саны - 44 дана. Тауарларды бағалау жөніндегі тәуелсіз сараптамаға қызметтері үшін ақы төлеу, бағалау актілерінің | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі |

мен салық. саны - 20 дана.
тарын төлеу Мемлекеттік мекеме.
лердің кеден төлемде.
рі мен салықтары
бойынша мемлекеттік
бюджет алдындағы
қарыздарын өтеу,
жүктік кедендік
декларациялардың саны
- 44 дана.

-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаларды орындаудан күтілетін нәтижелер: Мемлекеттік мекемелердің кеден төлемдері мен салықтары бойынша мемлекеттік бюджет алдындағы қарыздарын өтеу.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК